

Садықова Н.М., Ахтаева Н.С., Жұбаназарова Н.С., Болтаева А.М. Жоғары оқу орнында мамандарды кәсіби даярлау кезеңінде студенттердің өзіндік анықталуының ерекшеліктері	80
Сальников В.Г., Тажибаева Т.Л., Полякова С.Е. Повышение квалификации ППС по внедрению принципов «Зеленого офиса» в учебных заведениях Казахстана	83
Самалдықов М.К., Апенев С.М. О некоторых гарантиях к качеству подготовки юристов-международников (на примере курса уголовного права РК и ЗС)	87
Сансызбаева Г.Н., Баймуханбетова Э.Е. Модернизация образовательных программ обучения как условие повышения качества подготовки специалистов в КазНУ имени аль-Фараби	91
Сансызбаева Г.Н., Баймуханбетова Э.Е., Аширбекова Л.Ж. Совершенствование системы повышения квалификации ППС вузов как основа обеспечения качества образования в университете	94
Сейлханова Г.А., Оспанова А.К., Панова Е.Н. Практико-ориентированное обучение при подготовке специалистов в области химии и химической технологии	98
Сейтжанова А.К., Уварова А.К., Плохих Р.В. ЕМІ в Казахстане: сложности и задачи	100
СейітнұрЖ.С., Аймаганбетова А.Х., Тлеугабылова З.А. Білім беру бағдарламасын жаңартуда Қазақстандық ерекшеліктерді ескеру	105
Сиротина С.Г., Шепетюк Н.М. Некоторые вопросы практикоориентированного обучения по специальности «Физическая культура и спорт»	108
Скиба М.А., Турганбаева А.Р. Обучение в вузе с позиции формирования профессиональной компетентности	112
Смағұлов С. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында студент-жастарды отансүйгіштік рухта тәрбиелеудегі ұлттық тарихтың рөлі	116
Солтиева Б.Ш., Сойкина Н.Ю. «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығының студенттерін дайындаудағы кәсіби мәселелері	120
Сулейменова О.Я., Хасанов Б. Ж. Болашақ мамандарды даярлауда бейорганикалық химия білімін бақылау мен бағалаудың жолдары	123
Султанова Б.Б. Методические основы организации научно-исследовательской практики магистрантов	126
Султанова Б.Б., Исаева А.А., Тураров Д.Р. Тәжірибеге бағытталған білім беру жүйесі студенттердің біліктілігін қалыптастырудың негізгі шарты ретінде	129
Супугалиева Г.И. Еңбек нарығына қажетті түлектерді тәжірибеге бағытталған дайындықтан өткізу	132
Сұлтанбаева Г. «Журналистика» мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу	134
Тәжібаева С.М., Түсюпова Б.Б., Артықова Д.М., Қоқанбаев А.Қ., Мұсабеков Қ.Б. Өндіріске бағытталған пәндерді оқыту ерекшеліктері	138
Тажибаева Т.Л. Практико-ориентированное обучение по курсу «Организация и планирование научных исследований»	139
Тажиева С.К., Баймухамбетова Э.Е., Аширбекова Л.Ж. Системный подход в подготовке специалистов по логистике	143
Тасибеков Х.С., Ергобек Ш.К., Мусабекова А.А., Тажибаева С.М., Ефремов С.А., Наурызбаев М.К., Кудреева Л.К., Оспанова Ж.Б. Новые подходы в подготовке инженерных кадров	146
Тастемирова Г.А., Тилеужанова Г.Т., Сапаева Г.Е. Қазақ тілін ауған тыңдаушыларына үйретудегі кейбір ерекшеліктер	152
Таубаева Ш.Т. «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» пәнінің негізгі оқу бағдарламасын жобалаудағы логикалық-құрылымдық сызбалардың әлеуеті	154
Ташкеева Г.К., Мурадов А.Д. К вопросу организации практикоориентированного обучения в вузе	156
Торманов Н., Атанбаева Г.К., Уршеева Б.И. Студенттердің білім деңгейін бақылау және бағалау жайлы пікірлер мен ұсыныстар	162
Төлебаев Т.Ә. Тарихи білім беру жүйесін модернизациялау – запалы маман даярлау кепілі	163
Тукеев У.А., Бельгибаев Б.А., Омаров Б.С. Реализация подготовки магистрантов со специализацией "Автоматизация и управление технологическими процессами" по ГПИИР-2	167

• Текст был трудным для восприятия, хотя все грамматические и лексические обороты были пройдены ранее;

• Малочисленность группы (2 человека);

Тем не менее, студенты активно отвечали на вопросы преподавателя, пытались использовать аналогичные грамматические конструкции и взаимодополняли друг друга информацией.

Помимо вышперечисленных форм проведения занятий при обучении говорению, существуют и другие формы групповых занятий, которые способствуют повышению мотивации к учению, учить объективно оценивать себя и других, повышает деловой статус студента в группе.

Садықова Н.М., Ахтаева Н.С., Жұбаназарова Н.С., Болтаева А.М.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУ КЕЗЕҢІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК АНЫҚТАЛУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Адамның өмірлік өзіндік анықталу мәселесі қазіргі заманауи қоғамда өзекті болуда. Еліміздің қоғамына сай өзгерістер мен ауытқулар жастардың ішкі дүниесінде де түбегейлі түрде өзгерістер жасайды, олардың санасында қарама-қайшы бейнемен ой туғызады, әлеуметтік механизмнің қалыптасқан ретін бұзады. Осылайша қалыптасқан жағдайлар жастардың өмірлік анықталуының формасы мен тәсілдерінің мүмкіндіктерін кеңейтеді, яғни солардың ішінде жаңашылдық әлеуеті мен консервативтілік үйлесімді болып келеді.

Бір жағынан өмірлік анықталуға деген көңіл бөлушілік тек оның заманауи әлеуметтік-экономикалық шарты бейімделуінің өзектілігінің қажеттілігімен емес, жастардың өмірлік анықталуын таба білу мақсатында қызығушылық тудырып отыр. Осыған байланысты психологиялық ғылымда ерекше жас ерекшеліктері мен әлеуметтік топ ретінде студенттердің өмірлік өзіндік анықталуының құрылымы мен заңдылықтарын, негізгі тенденцияларын, динамикасын, механизмі мен стратегияларын зерттеу айрықша мәнге ие болып отыр.

Өзіндік анықталуды психологияда фундаменталды сұрақтардың бірі өзіндік детерминациялау мен жеке таңдау қатарының мәселелеріне жатқызады. Өмірлік анықталудың мәселелері бойынша (С.Л. Рубинштейн, К.А. Абульханова-Славская, А.Г. Асмолов, Л.И. Божович, М.Р. Гинзбург, И.С. Кон, А.В. Петровский, Д.И. Фельдштейн) еңбектерінде адамның бойында өзіндік өмірлік анықталуының мәнділігінің бірлігі мен оны жүзеге асырудың үлкен жауапкершілігі жатқандығын атап көрсеткен, сондықтан адамның қалыптасуы өмірде өзін анықтаудың формасы - өзіндік анықталуға ие.

Өзіндік анықталу адамның дамуының детерминациясы болып табылады. Өзіндік анықталу «өзін-өзі табудың» негіздері ішкі арпалыстар шешімінің шарттары, конфликтер, өмірлік проблемалар мен қиыншылықтардан шығудың жолдары С.Л. Рубинштейн, К.А. Абульханова-Славская, Л.И. Анцыферова, Ф.Е. Василюктің еңбектерінде қарастырылады. Бұл авторлар өзіндік анықталудың негізін қалаушы ретінде өзіндік детерминация, ішкі жағдай, ішкі белсенділік деп есептейді.

Адамның дамуының қиын процестерінде - өзіндік анықталудың құрылымдық элементтерін бөліп, түрлерін ерекшелейді: өмірлік, жеке, кәсіби, әлеуметтік және т.б. Өмірлік анықталудың мазмұнды түрлілігіне қарамастан көптеген авторлар (К.А. Абульханова-Славская, А.К. Маркова, Н.С. Пряжников, В.Ф. Сафин, Г.П. Ников және т.б.) олардың арасында байланыс бар екендігін көрсетіп айтады.

Өмірлік өзіндік анықталудың өзіне ғана тән ерекшеліктері: а) ғаламдық, өмір сүрудің стилі мен образының толық қамтылуы; б) сол әлеуметтік мәдениеттің қоғамдық сананың стереотиптеріне тәуелділігі; в) экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және басқа да «объективті» факторлардан тәуелділік.

Тұлғаның өзіндік өмірлік анықталу мәселесі түрлі ғылыми мектептер мен бағыттардың ғалымдарының қызығушылығын тудырған және әлі де тудыруда. (З. Фрейд, К. Юнг, А. Адлер, Х. Салливан, Э. Фромм, А. Маслоу, К. Роджерс, Дж. Мид, Т. Шибутани, А.Г. Асмолов, М.Р. Гинзбург, А.В. Петровский, В.Ф. Сафин, Г.П. Ников, Д.И. Фельдштейн және т.б.).

Өмірлік анықталу түсінігі адамның жүйелілік түсініктерінен бастау алады (С.Л. Бахтин, Н.А. Бердяев, Л.В. Выготский), қазіргі зерттеушілер (А.Г. Асмолов, Б. Братусь, Э.В. Галажинский, М.Н. Гинзбург, Г.В. Залевский, В.П. Зинченко, В.Е. Ключко, Л.А. Красноряднева, Д.А. Леонтьев, В.Д. Шадриков) еңбектерінде адамды ашық жүйе деп қарастырады.

В.Д. Шадриков «...өмірлік анықталу азаматтық немесе кәсіби түсінікке қарағанда өте кең, ол адамды өзінің өмірінің субъекті ретінде сипаттайды, сол үшін де ол тәрбиелеу құрылымында бірінші орында тұрып, адамның өзінің күші мен қабілеттерінің өмірлік анықталуының кезеңі ретінде қарастырылуы керек. сонымен қатар, өзіндік анықталудың мәнін адамның қоғамдағы тіршілік иесі ретіндегі түсініктен бөліп қарастыруға болмайды: адам басқа адамдар, қоғам үшін өмір сүреді, қоғам адам үшін[4].

Адамның өміріне өмірлік анықталудың әсерін бағалау өте қиын, себебі ол өмірлік іс-әрекеттің барлық сфераларын қамтиды. Тұлғаның өмірлік өзіндік анықталуы қиын категория, көптеген түсініктердің категориясы болып есептелініп, ол адам өмірін сипаттайды: өмірлік жол, өмірлік таңдау, өмірлік стратегиялар, өмірлік стиль, өмірлік ұстаным, өмірлік перспектива және т.б.

Ғылымда жастардың өзіндік анықталуының түрлі аспектілері ығыз қарастырылған: өзінің өмір сүруінің таңдай білуі, өмірлік болашағы мен кәсіби анықталудың арасындағы қатынас, оның ерекшеліктері мен құрылымын анықтайды (Е.И. Головаха, А.М. Кухарчук, Т.В. Кудрявцев); өмірлік жол мен қоғамдық өмірге енудегі процесс (М.А. Дьякова, В.А. Поляков, М.Х. Титма, И.И. Харченко); жалпы жүйелік факторларды зерттеу, «адам және оның өмірі» атты жүйенің ашықтығының деңгейі өмірлік анықталуға әсері (Г.В. Залевский, В.Е. Ключко, Э.В. Галажинский); өмірлік өзіндік анықталудың субъективті және объективті факторларының арақатынасы (Н.С. Гилева, Е.П. Федорова және т.б.).

Б.Г. Ананьев, И.В. Дубровина, М.И. Дьяченко, Л.А. Кандыбович, Д.И. Фельдштейннің еңбектерінде тұлғаның өзіндік анықталуға психологиялық дайындық мәселесі қарастырылады. «Дайындық» түсінігі түрлі факторлардың үйлесімділігімен анықталады, оның түрлі деңгейлері мен жақтары қарастырылады; тұлғаның мазмұнды толығын қамтамасыз ететін оның ортасында негізгі орынға ие болатын адамгершілік бағдары, құндылық бағдарлар және уақытша болашақ (И.В. Дубровина).

Студент жастардың өмірлік өзіндік анықталуы – күрделі процесс, ол жастық шақ пен ерте есейудің шекарасында өтеді, ол тұлғаның өзін табуымен, өмірлік ұстанымдарды таңдаумен, қойылған мақсатты жүзеге асыру ұмтылысымен ерекшеленеді.

Студенттің тұлғалық дамуында жоғары оқу орынында кейбір байқалатыны, олардың жаңа пікірлерді меңгеруі, факультетте, топтағы ережелер мен нормалар жүйесін түсіну, сонымен қатар өзінің алдындағы тапсырмаларды орындау және оқытушылармен арадағы қарым-қатынасты реттеу болып табылады. Студенттің іс-әрекеті үшін бұл кезеңде психикалық процестердің қызметін нығайту қажет. Осының бәрі студенттердің жеке тұлғалық және психологиялық дайындықты талап етеді, ал кейбір жағдайларда ішкі қарама-қайшылықтардың қалыптасуына, қорқынышқа алып келеді.

Студент жастардың өмірлік өзіндік анықталуы қазіргі қоғамның даму шарттары мәселелеріне арасындағы мыналар: өмірлік ұстанымдардың теңсіздігі; құндылықтар, қажеттіліктер мен қызығушылықтар жүйесіндегі қайта құрылулар, мамандықты таңдаудың мотивтерінің динамикасы мен құрылымы, өмірлік анықталудағы жоғары білім алу мен өмірлік жоспарлар; әлеуметтік-психологиялық қалыптасудағы кідіріс; тұлғаның әлеуметтік-психологиялық конфликттері және т.б.

Студент жастардың өмірлік өзіндік анықталудың ішіндегі ең басты гендерлік айырмашылық пен стилдік профилдер әлеуметтік, мәдени және басқа да ресурстардың қолжетімділігін ерекшелейді, заманауи мәдениеті меңгеру сипатына локальды-территориялы ерекшеліктердің өмір сүру ерекшеліктері тән.

Осыған байланысты соңғы онжылдықта өмірлік өзіндік анықталудың гендерлік аспектілеріне деген қызығушылық артуда. Гендерлік аспектілердің бағыттары: психология ғылымындағы гендерлік зерттеулердің теориялық – әдістемелік негіздері (Д.В. Воронцов, Е. Иванова, И.С. Клецина, Н.В. Ходырева), жастық шақтағы өзіндік анықталудың гендерлік аспектілері (М.Ю. Арутюнян, Т.В. Бендас), гендерлік ықпалды білім беруге енгізу сұрақтары (М.Е. Баскакова, М.Д. Гасанова, М.А. Кашина, О.А. Константинова Л.В. Штылева), ерлер мен әйелдердің кәсіби жүзеге асуын, мансап пен белсенділігін зерттеу (Ю.Е. Алешина, И.С. Кон,

З.А. Хоткина, АЕ. Чирикова және т.б.). Тұлғаның гендерлік ерекшеліктерін зерттеуге қызығушылықтың өсуі, мысалы студенттердің жастардың этникалық стереотиптері[5].

Кең қамтылған идеялар базасы мен тұжырымдарға қарамастан, гендерлік теориялар жастардың өмірлік өзіндік анықталуына байланысы жеткілікті емес.

Гендерлі аспектілер бағыттары әлеуметтік, психологиялық аспектілердің ғылыми әдіснамасының талдауы ішкі қарым-қатынас, сонымен бірге топаралық қатынас өмірді танып білудің жаңа әдісін ұсынады.

Психологиялық ықпалдардың талдауы берілген жолы өмірлік өзіндік анықталу механизмдерді құрастыруды суреттеумен, әйелдер мен ерлердің арасындағы мәселелердің талдауы, беделдер, әлеуметтік роль, микро және макро қоғамдағы ұстаным, тұлғаның қалыптасуына бөгет жасайтын кәсіби және отбасылық сфераларда да ерекшеленеді.

Жастардың өмірлік өзіндік анықталуының гендерлік аспектілері жастарға оның құрылымы мен кеңістігіне тереңірек енуге, өмірлік тәжірибені бақылауға, берілген адамның өмір сүру кезеңі жайлы көбірек білуге мүмкіндік береді.

Осы салада жүргізілген көптеген зерттеулерге қарамастан ЖОО-ғы білім алушылардың өзіндік өмірлік анықталуына көп көңіл бөлінбеді. Ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне және теориялық тұжырымдамалардың талдауына қарай, зерттеушілік мәселелерді шешуді теориялық-әдістемелік пен эмпирикалық мәліметтер қазіргі студент жастардың өмірлік өзіндік анықталуын гендерлік сипатта талдау болып табылады.

Типологиялық ықпал тұлғаны зерттеудің идеялардың жүйелілігі мен оның жинақтарын анықтауда ең тиімдісі болып табылатын әдіс мынадай еңбектерде өзінің дамуын тапты (К.А. Абульханова-Славская, В.Г. Андреевкова, В.А. Ганзен, М.Р. Гинзбург, А.И. Зинченко, Г.Р. Рейнин, А.Г. Шмакова, М.Р. Гинзбург, Р. Инглхарт, М.С. Яницкий). Кеңінен тараған практикалық типологиялар: тұлғалық өзіндік анықталулар (М.Р. Гинзбург) [3]; тұлғаның құндылық бағдарлар жүйелері (Р. Инглхарт, М.С. Яницкий) [2]; тұлғаның кәсіпке сәйкестенуі (К.А. Абульханова-Славская) [1] және т.б.

Жүйелі талдаудың бастапқы кезеңі негізінде көптеген объектілердің, солардың ішінде психологиялық процесс, күй, тұлғаның пайда болуы, түрлі топтастырулар типтері пайдаланылады, кейбір эквивалентті қатынастардың негізі болып табылады. Бұл процедураны психологияда «типология» және «классификация» деген терминдер қолданылады. Типология – бұл барлық типтердің жиынтығы, көптеген сипаттарды анықтаудың арқасында жүзеге асады. «Тип» бірнеше сипаттардың мүмкін болатын логикалық жиынтығы, олар белгілі бір сапаға ие болады, ал типология барлық мүмкін болатын жүзеге асулардың жиынтығы [5].

Зерттеудің типологиялық әдісі өмірлік жолдағы пайда болған, тұлғаның өмірлік жолы мен өмірлік іс-әрекетін қамтамасыз ететін әртүрлі кезеңдерде қалыптасқан жоғары жеке қабілет пен білімді анықтауға негізделген; ол арқылы тұлғаны түбегейлі түрде өмірге жақындатылған жағдайда көруге болады; ол әдіс тұлғаның өмірлік генезисі ретроспективасын анықтауға мүмкіндік береді. Аталған ерекшеліктер типологиялық әдісті ғылыми-зерттеушілік жолда, сонымен бірге практикалық психологтар үшін де тиімді болып табылады.

Өмірлік өзіндік анықталуға дайындықтың типтерінажыратудың негізі тұлғаның өмірлік ұстанымын көрсетеді, К. А. Абульханова-Славская мұны өмірде тұлғаның өзіндік анықталуы ретінде анықтайды, оның құндылықтар және оның негізгі қажеттіліктеріне жауап беретін жиынтық [1]. Өз алдына мақсат қоя отырып, белгілі бір құндылықтарды қабылдай отырып, қабылданған әлеуметтік нормаларды басқара отырып, адам өзінің өмірлік ұстанымын анықтайды. Өмірлік ұстаным – жүзеге асырылған өмірлік қатынастар, құндылықтар, идеалдар және табылған мінез бен оны жүзеге асыру және ол өмірдің одан әрі барысына толығымен де анықтайды. Егер де басты тұлғалық қатынастар интегралданған болса, онда оның ұстанымы тұтастылығымен және үйлесімділігімен ерекшеленеді. Адамның өмірлік ұстанымы оның дамуының әлеуеті болып табылады, объективті және субъективті мүмкіндіктердің жиынтығы, яғни олар осының негізінде ашылады.

Типологияны өңдеу барысында бағытталған вектор өмірлік өзіндік анықталудың жиынтығы екендігі ескеріліп отырды. Үйлесімділік термині өмірлік өзіндік анықталудың сипаттамасының айқындылығы мен дамуының жиынтығымен ерекшеленеді.

Теориялық талдаудың негізінде төмендегідей сипаттамаларды бөліп қарастыруға болды:

Креативтілік: өмірдің түрлі жақтарының мәнділігі мен келісушілігі, тұлғаның әлеуметтік және кәсіби қызығушылығы, өмірлік міндеттерді шешудің қиыншылық деңгейі мен бағыттылығы; тұлғаның өмірлік өзекті іс-әрекеті.

Іс-әрек
кәсіптік дай
анықталу су

Психо
нің интеграл
нәтижесі, сту
әрекетіне өсу

Өмірлі
сәтті шешу-
осы процес
студенттерд

Өмірлі
таңдау мен
жастар үші
типологияла
процесін ж
студенттерд
жасау мүмк

1. Аб
социалистич
 2. Аб
в вузе // Пси
 3. Ги
 4. Са
 5. К
- психологии

ПО

Пон
Казахстан
ного обуч
приобрете
приведене
обучения,

Пов
совершен
к их квали

Пон

1. 1

Об

Кра

конкретн
обученис
обучения

2.

Об

Вт

необходи

Іс-әрекеттік-мотивацияланған: мамандық мен оқу-іс-әрекетін таңдаудағы мотивация, кәсіптік дайындық процесіндегі білім, іскерлік, дағдыны игерудің деңгейі; өмірлік өзіндік анықталу субъектісі бағдарланған іс-әрекет түрлерінің көптүрлілігі;

Психологиялық ыңғайлылық: өмірден толығымен психологиялық қанағатану деңгейінің интегралдылық деңгейі және оның өртүрлі қырлары, жоо оқуы, оқу іс-әрекеті және оның нәтижесі, студенттік ұжымдағы психологиялық ахуал, тұлғааралық қатынас және оның оқу іс-әрекетіне әсері.

Өмірлік өзіндік анықталу ізденісі жастар үшін өмірлік жолды жобалау, жеке мәселелерді сәтті шешу- мұның барлығы да жастар үшін қиын мәселе болып табылады. Берілген типология осы процестің оқу-тәрбиелік процесті жекелендіреді, бұл белгілі бір психологиялық тұрғыдан студенттердің өмірлік анықталуын жүзеге асырады.

Өмірлік өзіндік анықталуды іздеу және күрделі өзгерістерді анықтау, өмірлік жолды таңдау мен өз бетінше құрастыру, дамудың жеке мәселелерін табысты шешу - мұның барлығы жастар үшін қиын міндеттерді шешуге тура келетіндігін көрсетеді. Өзіндік анықталудың типологиялары, осы процестің гендерлік ерекшеліктерін есепке ала отырып, оқу-тәрбие процесін жеке дара қарастыруға, жоғары оқу орындарында барлық оқу кезеңдерінде студенттердің өмірлік өзіндік анықталуын психологиялық бағыттап отырудың бағдарламасын жасау мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Абульханова-Славская К.А. Личностная регуляция времени // Психология личности в социалистическом обществе / Под ред. Б.Ф. Ломова, К.А. Абульхановой-Славской. М., 1990. С. 114-129.
2. Абульханова-Славская К.А. Типология личности и некоторые задачи психологической службы в вузе // Психологическая служба вуза: принципы, опыт работы. М., 1993. С. 33-43.
3. Гинзбург М.Р. Психологическое содержание жизненного поля личности старшего подростка // Мир психологии и психология в мире. 1995. № 3. С. 21-27.
4. Сафин В.Ф. Самоопределение личности: теоретические и эмпирические аспекты исследования. - Уфа: Гилем, 2004. - 144 с.
5. Клецина И.С. От психологии пола к гендерным исследованиям в психологии // Вопросы психологии. 2003. № 1. С. 61-78.

Сальников В.Г., Тажибаева Т.Л., Полякова С.Е.

ПОВЫШЕНИЕ КВАЛИФИКАЦИИ ППС ПО ВНЕДРЕНИЮ ПРИНЦИПОВ «ЗЕЛЕННОГО ОФИСА» В УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ КАЗАХСТАНА

Понятие «повышение квалификации» дано в Статье 116 Трудового кодекса Республики Казахстан [1]. Согласно указанной статье повышение квалификации – форма профессионального обучения, позволяющая поддерживать, расширять, углублять и совершенствовать ранее приобретенные профессиональные знания, умения и навыки. Кроме того, в данной статье приведено понятие переподготовка, которая представляет собой форму профессионального обучения, позволяющую освоить другую профессию или специальность.

Повышение квалификации – это обновление теоретических и практических знаний, совершенствование навыков специалистов в связи с постоянно повышающимися требованиями к их квалификации [2].

Повышение квалификации, в наиболее общем виде, подразделяется на три категории:

1. Краткосрочное повышение квалификации.

Объем занятий – не менее 72 часов.

Краткосрочное повышение квалификации – это тематическое обучение по вопросам конкретного производства. Курсы повышения квалификации организуют сами работодатели, а обучение проводят высококвалифицированные работники предприятия. По завершении обучения сотрудники должны сдать соответствующий экзамен, зачет или защитить реферат.

2. Тематические и проблемные семинары.

Объем занятий – от 72 до 100 часов.

Второй вид повышения квалификации направлен на ускоренное приобретение навыков, необходимых для работы в новых условиях, – это тренинги, тематические и проблемные